

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Болат АЮХАНОВ:

Менің отаным – сахна



Осыдан үш жыл бұрын Халық әртісі Болат Аюханов мәдениет және өнер саласының «International Socrates Prize» атты Халықаралық Сократ сыйлығының лауреаты атанды. Салтанатты марапаттау рәсімі туралы дүниежүзі басылымдары жарыса жазды. Жүлдеге ұсынған Еуропалық Бизнес Ассамблея Аталымдық комитетінің (ЕВА, Оксфорд, Ұлыбритания) бас директоры Джон В.Нетти «Сізді жоғарғы қоғамдық баға алғаныңызбен құттықтаймыз. Бұл сіздің әлемдік өнерге және Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы балет ұжымының жетекшісі ретінде қосқан үлесіңіздің мойындалғаны», деп ілтипатын білдірді. Шынында да «Socrates Award Ceremony» атты Халықаралық Сократ сыйлығы – бұл кәсіби саладағы жоғарғы жетістіктердің бағасы, ең жоғарғы, халықаралық дәрежеде мойындалғандықтың белгісі болатын.

Қырық бес жылдың ішінде «Алматының жас балеті» репертуары бай, шеберлігі жоғары Мемлекеттік академиялық классикалық би ансамбліне айналып, бүкіл тірлік тынысы біздің көз алдымызда өтуде. Аюхановтың қолтаңбасына ізденіс, музыкалық биік мәдениет, классикалық көркем би тәсілдерінің таусылмайтын қазынасын меңгеруге ұмтылыс, жаңалыққа күштарлық, графикалық па, зергерлік пе, әйтеуір, кез келген қойылымының бүгешігесіне шейін дәл, нақтылық тән. Соның арқасында шетелге де, республикамызға да кеңінен танымал болып, хореографиялық өнерді игеруі жөнінен бұл ансамбль әлемдік балет ұжымдарының ең үздігі саналатын алғашқы ондығына еніп отыр. Болат Ғазизұлының «Менің балетім», «Сезімдер өмірбаяны» атты кітаптары бар. Соңғысына алғысөз жазып, кезінде өңдеп-дайындалуына қол ұшын бергенмін. Еуропа мәдениетінің 20-шы ғасырдағы 60 жарық жұлдызы туралы шығатын 25 кітаптың біреуі Аюхановтың өмірі мен өнеріне арналған (авторы австралиялық өнер зерттеушісі Юри Рюнтю). Арнайы шақырумен Түркияда «Махаббат аңыз», Ташкентте «Алдар Көсе» балеттерін қойған, көптеген медаль, орден иегері. Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының профессоры, халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Ыстамбұл, Семей, Екібастұз қалаларының құрметті азаматы.

Саналы өмірін балет өнеріне арнаған Болат Ғазизұлының қойған қойылымдары, тәрбиелеген шәкірттері қазақ балет өнерінің негізін қалады. Атағынан ат үркеді, толып жатқан марапатын тізіп, қолпаштай бастасаң: «Фаина Раневская айтқандай бәрі әншейін... жерлеу рәсімінің меншік заттары ғана» деп шорт кеседі. Ұдайы жанұшыра мазасызданып, тыным таппайтынына қарамастан «уақытты асықтырғым келмейді» дейді. Аты-жөні құбылысқа айналған Аюханов жұмбағын өз басым уақыт атты құдіретпен байланыстырамын. Міне, жарты ғасырға жуық өнер аренасында уақыттың куәгері бола жүріп, дәуір дүбірінен шынайылықпен, көркемдікпен балет шежіресін жасады. Бұл оның бүкіл өмірінің мәні, мазмұны, намысы, идеялогиясы, ар-ұяты. Әрдайым қоғамның алдыңғы қатарында болып, өзінің шыққан ортасын ізгілікке, сұлулыққа, білімге баулуда. Қателесуге хақым жоқ деп есептейді, кез-келген спектаклі біртұтас, мызғымайтын мүсін іспеттес, алып-қосар мін таппайсың. Сахнада эксперимент жасамайды, қандай да қойылымы титтей күдік туғызбауы тиіс, ой елегінен өтіп, әбден пісіп-жетіліп қана ұсынылады көпшілікке. Көрермен алдындағы, мейлі ол Талдықорған, әлде Парижде ме, бәрібір, жауапкершілікті сезінуі таңғалдырады. Тұрақсыз, сөзінде тұрмайтын, шашылып-шашырап жүретіндерді ұнатпайды. Айналасындағылардан жинақылықты, тастүйін тәртіпті талап етеді. Тұрмыс-тірліктің қандай жағдайына да икемді, ірілі-ұсақты шаруаның бәрі қолынан келеді. Қасындағыларды тойғызып, сыйлық жасағаннан, түйткіл мәселелерін шешіп бергеннен рахат табады. Қарамағындағылардың ешқайсының қарны ашып, үй-күйсіз қалғаны жоқ. Бәріне бірден бақыт сыйлай алмағанымен, кез келгенінің мұң-мұқтажын орындауға жанұшыра жүгіреді. Ешқашан жеңіл жол таңдаған емес. Қойылымдарының хореографиялық күрделілігі сонша, академиялық басқа театр солистерінің мұны игеріп-меңгеруі екіталай. Ол үшін ұжымындағы әрбір әртіс сирек ұшырасар жауһар, кез келгенінің орны бөлек. Ансамблінің дүние жүзіне шығандаған

даңқының бір себебі осы. Майя Плисецкая тәрізді «балеттің бағындырмайтын күдіреті жоқ» екеніне сенгендіктен де өмір музыкасын, әлем әуенін «көріп», таңғажайып туындыларымен таңдай қақтыруда. Жарты ғасырдан бері тынымсыз айналысқан кәсібінің әрі патшасы, әрі құлы, «менің отаным – сахна» деуінің астарында былайғылардың өресі жете қоймайтын талай сыр жасырынған.

Тарау-тарауға бөліп талдауға лайық жүз елуден астам қойылым, мыңдаған жеке концерттік бағдарламасын ерекше жаратылған, рух аристократтары ретінде қабылдап тәрбиелеген шәкірттерімен жүзеге асыруда. Бірі бәрінің, бәрі бірінің мәртебесіне қызмет еткен неткен үйлесімділік десеңізші! Классикалық үлгіден ауытқымай бекзаттыққа дағдыланғаны, жақсыны көп көргені сонша, шала-жансар дилетанттықты, жаппай орташалықты мүлдем қабылдай алмайды. Ғасырлар бойы қалыптасқан өнегені өзіндік қана қолтаңбасымен байытуына осы қасиеті ықпал етсе керек. Қала мен даланы, Ұлыбритания мен Өзбекстанды, Қырғызстанды ма... қатар таңдай қақтырған соңғы ізденістері әлемдік балетте бұрын-соңды ұшыраспаған жайт. «Аққу көлі», «Маргаританың түсі», «Кармен», «Анна Павлова», «Революция қырандары», «Орақ пен балға»... бір-біріне еш ұқсамайтын қойылымдардың әрқайсысы алысжақын шетел көрермендерінің бірдей қызығушылығын туғызуда. Әлемнің қай бұрышында да ансамблін асқан қызығушылықпен қарсы алады.

Қайда сапар шексе де қазағының, мемлекетінің мәртебесін биіктетіп келеді. Өзі де сезеді ұлттық ән-күйіміздің қайталанбас күдіретін, «Ер Тарғын», «Біржан – Сара», «Абай» ма, кез келген қазақ операсының сыртқы жұртқа италия тілінде шырқалғандай әсер ететінін мақтан тұтады. Әуелден-ақ балетке сұранып тұрған дәстүр, әдет-ғұрпымыз, алтыбақан, ортеке, беташар, қыз қуу, бәйге... тәрізді ойындар, жалпы қазақтың өмір сүру салты сахналық небір мықты туындыларына арқау болғанын біледі.

«Балет – жан дүниенің музыкасы, дейді, балет – музыканың тәні, оның сүйемелдеуінде емес, музыканың өзін билейді! Бір ғана қимыл арқылы күллі сюжетті, тіпті «Гамлеттің» бе, «Джюльеттаның», «Қыз Жібектің» бе, монологын көрерменге ойнай жеткізуге болады... Дене ән шырқайды, қолдар сөйлейді, бас билейді, аяқтар ойланады...». Тыңдай бастасаң, Болат Ғазизұлының ой-пікірі телегей-теңіз жалғаса береді. Жаратқан иесінің үйіп-төгіп берген қабілеті-ау десек те, ұзақ жылғы тұрақты табысы, жеңісінің төркінінде табан ақы, маңдай тер, тынымсыз еңбек жатқаны анық. Шығармашылық авантюра тәуекелге жақындығын да жасырмайды. Бостандығын, еркіндігін, ішкі азаттығын бәрінен жоғары қояды, әлдекімнің өзіне қалай тірлік кешуді үйреткенін қаламайды. Жан дүниесінің тылсымына кез келгенді араластырмайды, талай сырласып, әңгімелескенде байқағаным – көпке қаншалықты көмектесіп, тығырықтан шығарып, жолдарын ашып, қиындықтан құтқарып, топ, тобырдың арасында көңілді жүрсе де болмысының жападан-жалғыздығы. Бала-шағасының (шүкір, ұлы, қызы, немере, шөберелері бар) барлық жағдайын жасап, туған-туысқандарының кез келген өтінішін орындап, әріптестерін алға сүйреп, бәрін-бәрін қас-қабақтан ұғып жүгіретініне қарамастан қасындағылардан ештеңе дәметпейтіні, міндетсімейтіні, өзінің халахуалына, талап-тілегіне ешкімді ортақ қылмайтыны қайран қалдырады. Тіпті ас бөлмесінде де өзі ғана қожайын, жеке мүддесінің пайдасына әлдекім, әлдебіреуді елестете алмайтындай. Дағдыланған әдетінен жаңылмайтыны сонша, ұялы телефон ұстамайды, телевизор, интернет, компьютер тетіктерінен мүлдем хабарсыз, кітап, мақалаларын ескі жазу машинкасында басады. Десек те, айналасындағылармен тез тіл табысады, ешкімнен де өзінің көшірмесін іздемейді. Таланттыға жанын сала көмектеседі. «Сәл нәрсеге қуанамын, өзім-өзіме цирк, тірлік кешу сондай қызық, көңілді. Өмір қысқа емес, оқиғалар өте көп... Мыйым бар болғанымен, төңірегімдегінің бәрінің бабын табуға ақылым аздау. Кейде әлдеқалай кездейсоқ ұшырасқанда бейтаныстар: «о, қандай жақсы көрінесіз, кереметсіз...» дей бастаса, «өзіңізді мен әлі де танымын» дегенді айтқыңыз келе ме сіздің» деймін дереу», – дейді өзіне де, өзгеге де әжуа-юмормен қарайтынын аңғартып.

* * *

Қазақ КСР-нің мемлекеттік классикалық би ансамблінің бір кезде “Алматының жас балеті” боп 1967 жылы құрылғаны аян. Астанадағы хореографиялық училищеден кейін Ленинградтың академиялық хореографиялық училищесінде білімін жетілдірген Болат екі жыл қазақтың Абай атындағы опера және балет театрында жұмыс істеді. Өзіне дейінгі таптаурын жолды жауыр қылғысы келмеген беймаза жігіт 1959-1964 жылдары Мәскеудегі А.В.Луначарский атындағы мемлекеттік театр-өнері институтының балетмейстерлік бөлімінде оқып, тәжірибесін жетілдірді. КСРО халық әртісі, профессор, Р.В.Захаровтың курсына өткен жылдар зая кеткен жоқ. Қазақстанға оралысымен педагог, биші, балетмейстер ретінде сүйікті ісіне құмарта кірісті. Міне, содан бері Болат Ғазизұлының тағдыры республика балетінің хал-ахуалын айқындап берген ансамбльмен тығыз сабақтас.

Қазақ мәдениетіндегі Аюханов тағдыры өзгеше әңгіменің өзегі. Құрғақ мадақтау, тек қана қол шапалақтап, марапаттау Болаттың интеллектуалдық өресіне жасалынған қиянат болар еді. “Қимылы әсем, арғымақ мүсінді...” тәрізді баламаға толы мақалалар ол туралы көп жазылған, әлі де жазыла берер. Шын зерттеушісі табылса, дарынынан философиялық, психологиялық, поэтикалық толғаныстар туындатары анық. Өз еншісінде Болат ешкімге ұқсамайтын, жан мен тән үйлесімінің балеттегі айрықша мазмұнын іздеген суреткер. Ырғақ пен қимыл-қозғалыстың бір-біріне ынтыға құрақ ұшысар ұлы сәтін бейнелеуде оның әрі бишілік, әрі ақындық, әрі режиссерлік, әрі ойшылдық қасиеттері бірегей тұтасып кетеді. Құлақтан кірген әуенді жүректі бойлатып, сана елегінен өткізуге тікелей қызмет етер би табиғатына үңілгенде, қандай да идеяны нақтылы көрініске бағындырғанда, бұлшық еттердің бұлтыңбұлтың көз қызықтырғанынан гөрі мұхит ой әлемінің негізгі алтын қазыққа айналуына алдымен қадағалайды.

Болаттың ұғымында, творчество – тәңірдің нақ өзі. Жыр кестесіне төгіліп, қиялын шарықтатады, толғауға жалғасып, небір терең пікірлер таратады, мұның бәрі ұстаздық, бишілік, балетмейстерлік қызметінен тыс құбылыстар. Ішкі әлемінің қоры, әлгіндей айтқан творчество тәңірінің құлақкесті құлындай құрақ ұшып, ақ қағаз бетінде, сахнада таңғажайып символдарға айналып жатады. Жиі-жиі жанын жегідей жейтін әлдекімдердің әділетсіздігінен, сатқындығынан, надандығынан құтқаратын да осы. Тағдырдың талқысын көрмедім дегенімен, бұлардың толқынына заманның арқалатқан тауқыметін тым жастай түсінген. Енді байыптаса, қайран анасының кемеңгерлігі екеуі, соншалықты зобалаңнан арашалап, зардап шектірмей, үш баласына жоғары білім бергені, ең бастысы, адалдыққа, мейірімділікке тәрбиелегені. Әкесі Ғазиз Қуатовты, көрнекті комсомол, партия қайраткерін 1938 жылдың шілдесінде қамауға алғаннан кейін, қыркүйегінде туыпты. Анасы айтатын еді, әйелдер босанатын үйдің дәлізінде сайман-қаруларын асынған НКВД қызметкерлері жүрді, жас босанған әйелдердің қайсыбірін дереу қайтадан тұтқындап әкеткенін көргенімде, зәрем ұшты... Шіркін, ана-ай, қызы мен екі ұлына естері кіргенше әке-шешелерінің, бауырларының есімдерін жазып, әрқайсысының киімдеріне тігіп қояды екен. Сәт сайын апат күте отырып, соны балаларына сездірмеуге тырысқаны қанша күшке түскенін кім білсін? Жиырма сегіз жасында жесір қалып, зұлымдықтың небір түріне еріксіз куә болғанымен, қашан көз жұмғанынша, әділеттің, партияның ғаламат күшіне сенгені Болат үшін төзімнің, ерліктің мектебіндей. Қыршынынан қиылып түсерде адал әкенің “балаларды коммунистік рухта тәрбиеле” деп ақ матаға қанымен жазып кеткен аманатын анасы орындадым деп ешқашан айғайлап айтпағанымен, шүкіршілік, бұлардың өмірден өз орындарын тапқанын көрді, қуанды, мақтан тұтты.

Қазіргі заманның ең озық үлгідегі балетімен салыстырсақ, Аюхановтың ізденістерін әйгілі Бежар, Пети, Плисецкая, Алонсоларға жақындатуға болады. Өнер аспанындағы осындай жарық жұлдыздармен рухани туыстығы біз үшін аса қымбат. Әлемнің қай бұрышына жіберсе де қазақтың мемлекеттік классикалық би ансамблінің дәл бүгінгі тұстағы мүмкіндігінің зор екенінде күмән жоқ. Шетелдіктерге де, отандастарымызға да, міне, жиырма жылдан асты, Аюхановтың ансамблі төл балетімізді классикалық алдыңғы қатарлы нұсқаға көтере жанкештілікпен насихаттап келеді. Ұлттық

би өрнектеріміздің тәңіріндегі біршама жинақтап үлгерген пікірі бар, яғни тындырылған қыруар шаруаға қарамастан қазақ биі жан-жақты зерттелу сатысында деп есептейді. Оның келешекте ғылыми түрде жүйеленіп, тарамдана түсуін, тұрмыстық салт, этнографиялық, фольклорлық түрге бай жаңа қырларынан дамуын көксейді.

Тіршілік қойнауында бақа-шаян, құртқұмырсқаның қыбырлағаны, жыланның жер бауырлағаны, қозы-лақтың секіргені, өсімдік атаулының қылтиып гүлдегеніне шейін қимыл-қозғалыстың патшасы деп сенгендіктен тіршіліктің сиқырын да бидің тілі арқылы бойлауға құштар. Аюхановтың суреткерлік болмысын, міне, осы арада айқынырақ таратуға болады. Шопен, Глинка, Прокофьев, Скрябин, Дебюсси, Шостаковичтің музыкасына дайындаған миниатюралары, Паганинидің “Мәңгілік қозғалыс”, “Махаббат мұңы”, Вах-Гуноның “Аве Мария”, Малердің “Роза туралы поэмасы” және басқа хореографиялық композицияларынан Болаттың ойшылдығы ең алдымен байқалады. Чайковскийдің бірінші фортепианолық концертіне қойылған хореографиялық фантазияда балетмейстер батылдығымен таңғалдырады. Святослав Рихтер мен Герберт фон Каряанның жаңаша баяндауындағы бұл концерттегі терең толғанысты қазақ жігіті интеллектуалдық түйсікпен жеткізген. Тақырып таңдауында классикалық музыканың тигізіп келе жатқан ықпалы өлшеусіз. Малерден бастап Т.Қажығалиевке дейінгі түрлі ел, түрлі ұрпақ өкілдерінен творчествосына нәр жинап, республика балетінің көкжиегін кеңейтуде. “Қылмыс пен жазадағы” (Шостаковичтің төртінші симфониясының бірінші, үшінші бөлімдері негізінде) психологиялық иірім дер, “Қыз Жібектегі” (музыкасы Е.Брусиловскийдікі) романтикалық асқақ леп, “Фудзияма үстіндегі тырналардағы” (музыкасын жазған Ғ.Жұбанова) мөлдір лиризм, “Батырлардағы” жинақылық, дәлдік, ой тұтастығы, “Гамлеттегі” (екеуінің де музыкасын жазған А. Исакова) философиялық қалың астар, “Татьяна Ларина дағы” (музыкасы Чайковскийдікі) сыршыл сезімталдық Аюханов әлемінің қат-қабат қырынан хабар береді.

– Күні кешегі социалистік жүйенің еркесі болдыңыз. Өзіңіз құрған “Алматының жас балетімен” әлемді араладыңыз, атақ, абыройға бөлендіңіз. Мұның бәрі талантыңыздың арқасында десек те үстемдік құрған коммунистік партияның да ықпалы болған шығар. Түрлі министр, түрлі басшы, билік төңірегіндегілерден өнердегі тағдырыңыз қаншалықты тәуелді болды?

– Мен үшін жүйе, ағым, партиядан гөрі адамшылық қасиет әлдеқайда маңыздырақ. Ең бастысы – адам, тұлға, өзара таза қарым-қатынас. Қандай қоғамда да осылар басты ұғым. Өнерде бағым жанса, туған жеріме, еліме, биік тұлғаларына борыштымын. Кезінде партия қатарына өтудің мүмкіндігі тумады. Мінезім тік, бет-жүзіне қарамай тура сөйлеймін, бастықтарға иіліпбүгілмеймін, ешкімге құрақ ұшпаймын. Партия қатарында адал, кеменгер адамдар ғана жүруге тиіс деп ойлайтынмын.

– Неліктен айналаңыздағылардың өзіңізге ашу-ызамен қарауын туғызасыз?

– Жайдақтықпен, жеңіл-желпі желіп өтуге дағдыланғандардың тамағына тұрып қалған сүйектей боп жүретінімді өзім де білемін. Творчестволық адалдығымды, өнер шындығын, жан дүние тазалығын төңірегімде өтіп жатқан жайттармен үндестіру маған өте қиын. Өмір бойы қасымдағылардың жай-жапсарына, жағдайына құрақ ұшумен келемін. Бұл өте үлкен, ауыр жұмыс. Ұдайы мазасыз тірлік кешемін. Алда-жалда әлдекімді мезі еткенімді аңғарсам, дереу сытылып шығамын. Кейбіреулердің өзімді әбден шаршатып, жалықтыратынын сезсе де маза бермейтініне қайран қаламын. Анамыз “мына дүниеге бәріміз қонақпыз” дегенді жиі қайталайтын. Бүгін бар, ертең жоқпыз. Мен бәріне үлгеруім керек, өмірдің қонағы ғана емес, тағдырымның қожасы да болғым келеді. Көптеген адамның моральдық, материалдық жағдайы, тіршіліктегі позициясы өзіңнен тәуелді болғаннан кейін шарқ ұрасың, асығып-аптығасың. Лауазым иелеріне

жалбақтағанды жақтырмаймын. Өз ісімнің шеберімін деп санағандықтан да солай шығар. Емін-еркін, батыл кетсем, творчестволық ойларымды орындауға құлшыныстан ғана.

– Сіз туралы газеттерде түрлі сыбыс жария анып жатады, мысалы, шоқынып кетіпті, христиан дінін қабылдапты деген...

– Мен үшін ең басты дін – ар-ұят. Және белгілі бір дін қабылдайтындай жағдайдан әлдеқашан өтіп кетсем керек. Жөнсіз жала жабуға ешкімнің хақысы жоқ. Алматыда собордың ашылу салтанатында шіркеу бас шыларының өзіме деген құрметіне, ілтипатына символикалық белгімен жауап қатқанымды дереу теледидарға түсіріп алыпты. Шоқынып кететіндей не көрініпті маған.

– Қазақ халқы ұлы тұлғаларға кенде болмаған, ұлтымыздың ар-ұяты саналар жандармен рухани үндестікті жеке басыңыздан байқайсыз ба? Сізбен бірге оқыған Рудольф Нуриевтің тағдырынан жақсы хабардармыз. Әлемге әйгілі, көл-көсір байлық иесі болды. Бишілік талантының жемісін тірі кезінде көрді. Туған жерге, елге деген сезіміңіз...

– Мен ең алдымен өз ұлтымның азаматымын, тамырым тереңде. Егер қазақ болмасам, әлдеқашан шетелге кетіп қалар едім. Кім біледі, Рудольф сияқты байып кетуім де мүмкін еді. Ана тілімде еркін сөйлеп, әдет-ғұрыптарымызды терең меңгермесем де, ұлттық өзегімнің таңғажайып сиқырын әрдайым сезінемін. Ш.Уәлиханов, С.Сейфуллин, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, Д.Қонаев, І.Омаров, М.Есенәлиев, міне, ұлтымыздың ар-ожданы. Мен қазақты құбылыс деп есептеймін. Мұның өзі ұлт деген ұғымнан әлдеқайда кең. Қазақты ұлт деп емес, құбылыс деп қарайтыным – оның дүниетанымы, болмысы географиялық, территориялық анықтамалардан әлдеқайда терең, тұңғыық, күрделі. Қазақстан тарихын танып-білу мүмкін бе екен бізге?! Өзіміздің кім екенімізді М.Әуезов, І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов туындыларын оқығаннан кейін ғана түсінгенімді несіне жасырайын. Адамның туған жеріне деген махаббаты жасың ұлғайған сайын күшейе береді. Москва, Петербург, Ыстамбұл ма, дүние жүзінің қай бұрышына барғанда да өзімнің қазақ екенімді ұмытқан емеспін. Мені адам қылған туған елім. Екі жоғары оқу орнын бітірдім, жан-жақты білім алдым, профессормын, балетмейстер мамандарын дайындадым, бидің жас жұлдыздарын тәрбиелеп шығардым. Осының бәрі Қазақстанның арқасы! Туған еліңнің титімдей бөлшегі екеніңді ұғыну кез-келгеннің маңдайына жазылмайды.

...Жетпіс бес дегенің жарақат қой, жазылуы қиын жара, – дейді, – ауыртады, сыздатады, мұны несіне айғайлатамыз, еш қажеті жоқ. Қатарым сиреп қалды, жақындарым, достарым көз жұмды, тірі қалғандары шетінен мүгедек, ауру-сырқау, банкетке де келе алмайды. Дұшпаным да жоқ, бәрі қайтыс болған. Ешкім де, ештеңе де қалмады... сыпырынды, үйінді... қалғанқұтқан тұқыл... аулашы емеспін ғой бұны жинап тазалайтын. Ал енді сексен дегенің, міне, нағыз жас... сексенге толсаң, әрі қарай өмір сүріп, жүзге толғың келеді.

– Сонда қалай, атап өтпейсіз бе мерейтойыңызды?

– Жоқ... мен балет әртістеріне ұрланған зейнетақысын қайтарып беремін деген уәдемді орындай алмадым. Балет бишілері зейнетке жалпы халық сияқты 58 (әйелдер) және 63 (ерлер) жаста шығады. Басқа мамандық иелері үшін бұл соншалықты ауыр емес шығар, білмеймін, ал биші үшін бұдан асқан масқара болуы мүмкін емес! Мен 45 жасымда соңғы рет Гамлетті алқынып әрең билеп шыққанмын. Ал 45 жастағы әйел, қандай кәсіби биші болсын, жас кезіндегідей билей ала ма, өнерсүйер қауымға эстетикалық ләззат сыйлай ала ма? Осыны ойламайтын үкіметте ұят бар дегенге

сенбеймін. Мұншалық самарқаулық, қатыгездіктің себебін еш ұқпаймын, балет бишілері соншалықты көп те емес қой. Балет...жоқ категория сияқты, «әуірімдеп тірі қалса, жақсы, жарайды, ал құрдымға кетсе, со керек, өлмесе өрем қапсын...» дейтіндей. Қазір бізде сахнада не істеп жүргендерін өздері білмейтін кәрі бишілер жетерлік. Мен оларды қуып шыға алмаймын, өйткені, байғұстар зейнетке шыққанша шыдайық деп, соңғы демі жеткенше тырысып-ақ жүр. Қанша сіңірін созғанмен, мені де, көрерменді де риза ететін өнер көрсете алмайтыны тағы белгілі. 17 адам зейнет жасына жетпей жатып қайтыс болды. Бұл мәселені қайта қарау жөнінде 1991 жылдан бері жағым талмай айтып-ақ келемін...түк нәтиже жоқ.

Болат Аюхановтың балет көкжиегін кеңейтіп, төңкеріс жасағанын мойындамау мүмкін емес. Жарты ғасырдан бергі тынымсыз еңбегі, классикалық қағиданы байыта отырып ашқан жаңалығы, қосқан өлшеусіз үлесі қазақтың ғана емес, дүние жүзінің рухани ортақ қазынасы. Шетелдік беделді тұлғалар, танымал мамандар да бұл тарихи фактіні мойындап, атақ, абыройын асыруда. Осының бәрі Болат Ғазизұлының әлемнің Аюхановына айналғанын айғақтап тұрған жоқ па!

Мағира ҚОЖАХМЕТОВА
жазушы.